
ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОГРАФИЯ

Х.М.ТҮРСҮН
Қ.БАЗАРБАЕВ

СЕРАЛЫ ЛАПИННИЦ ҚӨЗҚАРАСТАРЫНДАҒЫ «ИСЛАМДЫҚ СОЦИАЛИЗМ» МОДУЛІ

В данной статье рассматриваются политические взгляды видного представителя национальной элиты Туркестанского края в начале XX века в борьбе против колонизации. Раскрываются причины альтернативного предложения его концепции «Исламский социализм» при модернизации туркестанского общества большевистской властью.

Bu makalede, XX.yüzyıl başlarında Türkistan Bölgesi'nde sömürgecilige karşı mücadele eden tanınmış milliyetçilerin biri olan Seralı LAPİN'in siyasi görüşlerine yer verilmekte ve onun bolşevist iktidarıyla Türkistan toplumunu modernize etdilmesinde İslam Sosyalizmi fikriini uygulaması üzerinde ele alınmaktadır.

Түркістан ұлттық элитасының көрнекті өкілі Сералы Лапин (1868 – 1919) ұлт-азаттық қозғалыста саяси қаруескерлігімен танылған тұлға ғана емес, ол осы саяси қаруестің идеялық бағыт-бағдарын айқындауға улес қосқан ойшыл болғандығы назардан тыс қалып келеді. Оның үстіне, соңғы жылдары қалыптасқан ғылыми тұжырымдар кеңестік тарихнаманың «Шуро-и-ислам», «Шуро-и Уламо» ұйымдарының әлеуметтік негізі үстем тап өкілдері мен дінбасылардан құралған, «панисламизм» идеясын көтерген ұйымдар деген бағасының мүлде теріс екендігіне көз жеткізуде [1, 47].

1917ж. Тарапкентте 16-21 сәуір аралығында «Шуро-и-ислам» ұйымының ұйымдастыруымен өткен Бұқілтүркістан мұсылмандарының бірінші съезінің күн тәртібіне Уақытша үкіметке қатынас, Ресейдің болашақ мемлекеттік құрылышы, Құрылтай жиналышына сайлауга өзірлік сияқты зәру мәселелермен бірге жергілікті діни мекемелердің қызметі, медреселер мен вакуфтардың жайы сияқты діни мазмұндағы мәселелер де қойылды. Осы съезде Уақытша үкіметке қатынас мәселесі талқыланғанда С.Лапин «оған мұсылмандардың өзін-өзі билеу құқығын қамтамасыз ету тілегін теріске шығармайтын болса ғана қолдау көрсету керек» деген ұсыныс білдіреді. Бұл мәселенің Құрылтай жиналышында түшкілікті шептімін табатынын ескерген делегаттар Уақытша үкіметке қолдау көрсеттегі [2].

Патша өкіметінің дін істерін жергілікті өкімшіліктің билігіне беріп қоюын әділесіздік деген бағалаған С.Лапиннің ұсынысымен Түркістанда дербес діни басқарма құрылсын деген шептім қабылданды. Бұл шептім Түркістанда мұсылмандық діни басқарма - мұфтіліктің құрылуы жөнінде 1914 ж. Мемлекеттік думадағы мұсылман фракциясының ұйымдастыруымен өткен Бұқілресейлік мұсылмандар съезінің шептімі аяқсыз қалмай, жузеге асуы тиістігіне негізделді [3].

С.Лапиннің көзқарастарындағы бүндай діни бағдар оның саяси ұйым құруға қатысты әрекеттерінде нақты көрініс тапты. 1917 ж. 10 шілде күні Тарапкент қаласындағы Беклөр-Бегі мешітінде 25 мыңға жуық адамның қатысуымен өткен митингі кезінде С.Лапин өзінің «әрқашанда таза мұсылмандықты, шаригат қағидаларын жоғары тұтатындығын алға тартып,

Х.М.Тұрсун, Қ.Базарбаев. Сералы Лапиннің көзқарастарындағы...

мұсылмандардың өзін-өзі билүдегі заңды құқығын қамтамасыз етуде бар құп-жігерін аямайтындығын мәлімдеп», халықты да осы бағытта болыш, бір ұйымға бірігүте шақырды. Митингіге қатысушылар бұл ұсынысты бірауыздан қолдац, жаңадан құрылған ұйымды «Шуро-и-улома» («Дін иелері кенесі», «Ғұламалар қоғамы») деп атауды ұйғарды [4].

С.Лапин жетекшілік еткен «Шуро-и-уламо» ұйымының әжүметтік өзегін дінбасылар – молдалар, ишандар мен медреселердің ұстаздарының құрауы мүшелерінің басым бөлігі демократиялық ағымдағы зиялыштардан тұрган «Шуро-и-ислам» ұйымына қарағанда оған біршама діни сипат берді. Әрине, бұл фактор ұйым қызметінің мазмұнынан да көрініс тапты. Осындай себептермен де «Шуро-и-уламо» ұйымы сол кездеңі саяси лексикада қадимшылар (ескішілдер), ал «Шуро-и-ислам» ұйымы жәдидшілер (жаңашылдар) ұйымы деп атала бастады.

«Шуро-и-уламо» ұйымының жергілікті бөлімшелерін ашуда діндарлар белсенділік танытты. Айталық, осы жылдың шілдесінде Қоқан қаласында ұйымның бөлімшесі ашылды [5, л.19]. Ал Самарқандың ұйымның бөлімшесі ашылмағанымен жергілікті «Иттифак» («Одақ») ұйымы «Шуро-и-уламоға» ізгі ниетте болды [6, л.2.]. Сырдария облысында ұйымның бөлімшесі құрылмаса да облыста С.Лапиннің ұстанған бағытын қолдаушылар көп болды [7].

Шілде айының соңында өткен Ташкент қалалық думасы сайлауына түрлі партиялар мен қоғамдық ұйымдар атынан 16 тізім ұсынылса, солардың арасында «Шуро-и уламо» женіске жетіш, думадағы 102 орыннан 62, социал-демократтар 5, эсерлөр 24, «Шуро-и-ислам» 11 орын иеленді [8].

Бұл деректер «Шуро-и улеманың» қалалық думадағы орынның тәң жарымынан астамын иеленүінің сыры неде? - деген заңды сұрақ туғызады. Оның сыры біздің шікіріміз бойынша, «Шуро-и Улема» атынан өлкедегі отарлық билік өкілдерінің де көптен ұсынылуы болды. Жергілікті шенгеніктердің тізімге кештеп енгізілуі сайлау барысында өкімшілік ресурстар арқылы ықпал жасау орын алды деген қорытынды жасауга негіз болады.

«Шуро-и-Улема» саяси ұйым ретінде Ташкент қаласында өз қызметін кең өрістегі. Ұйым өлкенің қоғамдық-саяси өміріне белсендө араласа бастады. Осы жерде ұйымның сипатына қатысты атақ өтерлік бір жайт, «Шуро-и-Улема» европалық үлгідегі саяси партия болмаса да саяси шарияға тән ұйымдық, құрылымдық белгілері болды. Олай дейтініміз, С.Лапин жетекшілік еткен «Шуро-и-уламо» ұйымы саяси шептімдерге бастамашыл болыш, өлкеде жұмысшы-солдат депутаттары кенесінің бар билікті қолына алу үшін революциялық комитет құруына батыл қарсылық танытты. Сол үшін де Түркістан өлкесі мұсылмандарының съезін шақырды. 17-20 қыркүйекте Ташкентте өткен съезге 500 дең астам өкіл қатысып, өлкедегі саяси ахуал Түркістанның болашақ саяси құрылышы, жер мен суды пайдалану жайы, азық-түлік, сот, оку-ағарту ісі, мешіттерді басқару, вакуф, земство, мұсылмандық саяси партия құру, Құрылтай жиналышына сайлау мәселелерін қойды.

Съезде Түркістан федеративті республикасының саяси кұрылымы мәселесінде С.Лашиннің ұсынысы бойынша қабылданған қаулыда «Түркістан федерациясындағы заң шығару билгі жалшыға бірдей, құпия дауыс беру арқылы 5 жылға сайланған түркістандық парламенттің қолында болады. Оған Түркістан өлкесінде тұратын барлық халықтардан теңдей өкілдер сайланады. Түркістан парламенттің заң шығару функциясы Ресей республикасының негізгі заңдарымен және шарифат талаптарына сай үйлестірілуі тиіс... Тараптентің қаласында Түркістан Федерациясының «Маңками шарифат» деп аталатын сенаты болады. «Маңками шарифат» Түркістан Федерациясының жоғарғы сот мекемесі қызметтің атқарумен қатар, заңдарды жариялау мен түсіндіру құқығына иелніп, олардың шарифат талаптарына қайшы келмсөйн қадағалайды, сондай-ақ барлық мемлекеттік мекемелер мен оның лауазым иелерінің және сот мекемелері мен оның қызметкерлерінің дүрыс қызмет етуін бақылайды. Сенат («Маңками шарифат») төрағасы «шейх-ул-ислам» (бас прокурор) деп аталып, Түркістан федерациясында заңдардың орындалуына жауап береді» [9].

«Шуро-и-уламо» ұйымы ұстанған Түркістан өлкесінде болашақ мемлекеттік құрылымының осы модулі жөнінде М.Шоқай «Ғұлама қоғамы» («Шуро-и-уламо») мәселеге басқашалау тұрғыдан келді. Революцияны, яғни Ресейдегі мемлекеттік тәртіптің өзгеруін «Ғұлама қоғамы» сонау Әзіреті Осман заманынан бері мұсылман халықтарының тарихында болыш көрмеген әл-хулафа әр-рашидун мемлекеттік құрылышын қайталау кезеңі демекші болды. ... Сералы Лашин өз қоғамы атынан Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті жаңынан Түркістанда «Маңками шарифат» («Шарифат соты») деген атпен депутаттар мәжілісін (сенат) құрып, Бүкілressей құрылтай жиналысы мен Бүкілressей парламенті тарашынан Түркістанға байланысты шығарылып жатқан заңдардың осы шарифат мекемесіне бағынуын талаап етті. Бұл мұсылмандық қозғалыс тұрғысынан алғанда өте жақсы ұсыныс еді. Бірақ ол жас баланың «аспаңдағы айды алып бер» деген далбасасына ұқсайтын. Мұнданың мұсылмандық идеяны жүзеге асыру үшін Түркістан ең алдымен Ресейге бағыныптылықтан біржола құтылуы керек еді. Алайда «Ғұлама қоғамы» ежелден ұлттық ұйымдарымыз армандаш келген Ресей Федерациясы ішінде автономия беруді ғана талаап етті» [10, 273] деп бағалады.

Түркістан ұлт-азаттық қозғалысында осы екі ұйым түрінде пайда болған саяси жолайрыққа С.Лашиннің өлке мұсылмандарының мұддесін қорғауда шарифат қағидаларын басшылыққа алу талабы негіз болды. Әрине, белгілі бір саяси құштердің ортақ қозқарасын білдірген С.Лашиннің бұл талабын оның жеке басының мұддесі болса оның соңынан ешкім ермеген болар еді. Осы екі саси ағымның теке-тіресі 1917 жылдың қарашасында Түркістан мұхтариятын жариялар кезде де анық байқалды. С.Лашин бастаған «Шуро-и-уламо» ұйымы мүшелері Түркістан автономиясын жариялауға ерте, оны орыс революциялық демократиясы өкілдерімен келісе отырыш жариялау

Х.М.Тұрсун, Қ.Базарбаев. Сералы Лапиннің көзқарастарындағы...

көрек деген шілдірді [11, 3-п.]. С.Лапин мұсылмандар съезіне мынандай шарттар қойды: «1. Өлкедегі билікті іс жүзінде қолына алған орыс демократиясының өкілдеріне қарсы дүшпандық іс-қимылдар жасалмасын.

2. Түркістан автономиялы республикасының Уақытша үкіметі өз қызметін барлық жағынан шаригат қағидаларына үйлестіріп жүргізсін.

3. Автономияны жүзеге асыру бейбіт түрде жүрсін, қантөгіске жол берілмесін» [11, 4-п.]

Съезде С.Лапин Түркістан автономиясының жариялануын ертегерек деп санағанымен оған қарсы емес екендігін, өз ұсыныстары қолдау тапса Түркістан автономиясы нағыз әділетті мұсылмандық мемлекеттік құрылым болыш, халық сеніміне ие болады деп мәлімдеді. Бұл ұсыныстарға делегаттардың бір бөлігі қолдау танытыш, Түркістан мұхтариетты халқының 98 пайзы мұсылмандар болатын аймақта жарияланып отырғандықтан автономия ислам дінінің қорғаушысы болуы керектігін алға тартты. Сонымен қатар Түркістан автономиясының аяғынан тік тұруы С.Лапин ұсынғандай бейбіт өмір жағдайындаға нәтижелі болатындығын, сондықтан кеңестермен келіссөздер жүргізу арқылы Түркістан автономиясын қантөгіссіз құру керектігін делегаттар қолдады [11, 5-п.]

Осы жерде айта кетерлік бір жағай, өлкеде билікке қол жеткізген Түркістан мұхтариетінде қатысты «Шуро-и-уламо» ұйымы мүшелері қатысқан Тарапкент қалалық думасының мәжілісінде социал-революционерлер (эсерлер) мен социал-демократтар (большевиктер) арасында қызу шікірталас жүрді. Эсерлер Түркістан мұхтариетінде ізгі ниетте екендіктерін, егер оған көмек көрек болса қол ұштарын созуға өзір екендіктерін танытты. Ал большевиктер болса, Түркістан мұхтариетін мойында майтындығын білдіреді [12].

Ал С.Лапин Өлкеде қалыптасқан қосөкіметтік жағдайдағы қантөгісті қақтығысқа ұласып кетпеүіне қатты алаңдаушылық танытыш, Түркістан мұхтариетінде Уақытша үкіметтің қарқынды, нәтижелі жұмыс талаң етті. Азық-түлікпен қамтамасыз етуді жолға қойып, тұрғындарды төніп келе жатқан аппартылық апатынан құтқару жолында шұғыл іс-шараларды ұйымдастыру қажеттігін ұсынды. Тез арада Түркістан Құрылтай жиналышын шақырыш, онда Түркістандағы қосөкіметтілікі, екі өкімет арасындағы текетіресті дөғарыш, бейбіт өмірге бастайтын билік органын құру жөнінде дабыл қаға бастады. Сонымен қатар ол Түркістан мұхтариетінде үкіметтің билікті атқаруда шаригат негіздерін басшылыққа алу керектігі жайында, сондаға Уақытша өкімет өзінің мұсылмандар мүддесін қорғайтындығын көрсетеді деген мәлімдеме де жолдады [13 л.78].

Түркістан мұхтариетінде Уақытша үкіметі 1918 жылдың қаңтарында Тарапкенттегі кеңестер билігімен байланыс орнатуға талпыныш, оған бірлескен съезд өткізу жөнінде ұсыныс та түсірді. Бірақ мұндай ұсынысты кеңестік билік ескерусіз қалдырыды. Себебі, Тарапкентте бұл кезде Қоқанда жүріп жатқан этносаяси процестерді дүшпандық әрекеттердің көрінісі деп бағалаған шілдір

қалыптасқан еді. 1917 ж. желтоқсанның бас кезінде Ташкенттегі кеңес өкіметіне Түркістандағы жағдай жайында Москва әскери округынан «Контрреволюциялық элементтер мұсылман буржуазиясы мен қараңғы түнектегі мұсылман бұқарасына арқа сүйеуге талшынуда. Буржуазиялық-чиновниктік элементтер мұсылман ұлттылдарымен бірге өткізген Қоқандада съезінде Түркістан автономиясын жариялаш, казактардың «Оңтүстік-шығыс одағына» кіру жөнінде қаулы қабылдады. Ресейдің европалық бөлігіндегі жағдайға байланысты олардың ұлттық негіздегі басқа да ұйымдарға кіруі ықтимал» [14, 42.] деген мәлімдеме түскен еді.

Түркістан мұхтариеті Уақытша үкіметінің жергілікті халық мұддесін қорғаудағы әрекетіне қарамастан С.Лапин оны әрекетсіздігі үшін сынац, 1918 ж. қаңтарынан бастап «Шуро-и-уламо» Түркістан мұхтариетін қолдаудан бас тартады деген мәлімдеме таратты. Ол Уақытша үкімет мүшелерін атаққұмар деп айыптац, «Шуро-и ислам» үйымының саяси ұстанымдарымен келіспейтіндігін 5 қаңтар құні өзінің жетекшілігімен өткен Ташкенттегі Жұма мешітінде «Шуро-и-уламо» үйымының жиналышында [15] білдірді және 10 қаңтарда Ташкентте мұсылмандар митингінде үйымдастырыш, Өлкедегі кеңестік билік пен Түркістан мұхтариеті арасындағы текетірес қантөгіске әкелип соқтырады, одан халық зардан шегетіндігін мәлімдеп, қындықтан шығудың жолы ретінде Ташкентте Түркістан мұхтариеті мен Өлкелік халық комиссарлары кеңесі бірігіп халықтық автономия құруы керек деген ұсыныс жасады [16].

С.Лапиннің өлкеде саяси билікті әлеуметтік және ұлтаралық қақтығыстарсыз орнату жайындағы осындағы ұсыныстарын жинақтац, 1918 ж. 17 қаңтарда «Орыс социалистеріне «Улеманың» Ташкент үйымы атынан» деп аталатын мәлімдеме жолдады [11, 3-10 ш.]. Т.Котюкова осы мәлімдеменің авторы С.Лапин болуы мүмкін деген болжам жасайды [17, 23]. Лапиннің түрлі саяси шараларда сөйлеген сөздері мен жасаған мәлімдемелерінің мәтінін салыстыра талдау арқылы аталған мәлімдеменің авторы С.Лапин деген қорытындыға келдік. Мәлімдемедегі көтерілген идеялардың сабактастығы, ұсыныстардың бірізділігі және жазу стилінің бірегейлігі біздің осындағы тұжырым жасауымызға негіз болды.

Өлкелік халық комиссарлары кеңесінде социал-революционерлер билүші партия болғандықтан мәлімдеме орыс социалистеріне арналды. Аталған құжаттан С.Лапиннің өлкедегі билікке қатысты саяси көзқарастары барынша толық көрініс ташқан. Қайраткер мәлімдемесінде «Ислам мен социализмнің арасында өзара үйлесімділік барын» діни қағидаларды салыстыра талдай отырыш негіздейді және «ислам, өмірлік жаратылым туралы ғылым ретінде қалыптасып, суренсіз христиандық кергартшалықты алмастыруды және өзінің негізіне адам табиғаты мен адами қатынастарды тануды алып, әлемді парасатты ғылыми жолға түсірді» дей отырып, «европалық империализм өз кезегінде еркін ислам әлемін өзіне бағындыру үшін аяусыз да белсенді күрес жүргізіп жатқанда, Европаның өзегінде қазіргі

Х.М.Тұрсун, Қ.Базарбаев. Сералы Лапиннің көзқарастарындағы...

Ресейден көрініс тапқан социализм туралы ілім қалыштасып, мұсылмаңдық Шығыспен бетте-бет келді» деген тұжырым жасайды. Өз мәлімдемесінде ислам мен социализмнің бірлесіп өмір сүруі үшін Кеңестер билгін Түркістан мұхтариатымен ымыраға келіп, «халықтық өкімет құруға» шақырды. С.Лапиннің исламдық социализм идеясы осы екі қоғамдық құрылымдардың ұқсастықтарын, ортақ ұстанымдарын іздестіруін де көрнеді. Ислам діні мен социалистік ілім еңбекші бұқараның мұддесін көздейтінің, екеуінің де империализмнің қас жауы ретінде адамды адамның қанауына, ұлттылдыққа, ягни бір ұлттың екінші ұлтқа үстемдік етуіне қарсы тұратының, социализм «Барлық жер еңбекшілердікі» десе, исламда «Жерді Алла жаратқан, оны кім өндеп, тер тексе ол сонық» дейтін қағидаларын алға тартады.

Оның «Ресейдегі саяси-әлжуметтік революцияның қысымы нәтижесінде Түркістан мұсылмандарының қасіретті жағдайға душар болуы мені социалистерге қалыштасқан ахуалдан шығудың, өзара түсініспеушіліктерді шешпудің жолдарын көрсетуге итермелеп отыр» деген сөздері мәлімдеменің жазылу мақсатын танытады. Ол «Мұсылмаңдық Шығыска өуропалық елдердің ішінде бұрынғы патшалық Ресей полициялық-миссионерлік әрекетімен орасан зардал әкелді» деп отарлық биліктің шыныны бейнесін әшкерелейді. С.Лапин Түркістанда бірінші дүниежүзілік соғыстан туындаған мәселелерді де назардан тыс қалдырымады. «Әлемдік соғыстан туындаған Ресейдің ішіндегі оқигалар мұсылмандар санасына өуропалық арам шығылдың сейлетіні жайлы сенім ұялатты. Өуропалық арам шығыл революциялық демократияның «Анексиясыз, контрибуциясыз бейбітшілік және халықтардың өзін-өзі билеуі қамтамасыз етілсін» деген ұран бойынша күйреуі тиіс. Мұсылмандар сіздердің бұл ұрандарынызды зор қуанышпен, өздеріңің шайғамбарларының бұдан 1336 жыл бүрын «Әлемде құлдық, адамды адам қанау болмасың, жер бетінде Алла атымен әділдік орнасын» деп жазылған жасыл туын көтеріп қарсы алды» деген тұжырым жасай отырып, «Түркістан мұхтариатын жариялауда өлкे мұсылмандары Ислам қағидалары негізінде өзін өзі басқаруға үміттенді. Осы уақытқа дейін орыс қоғамының буржуазиялық шығылдағы тобының ойында Түркістан мұсылмандары автономиялы бола алды деген шікір болмады» деген саяси бағамен сабактастырады. Осыған байланысты оның социализмдегі таптық ұстанымдарының мұсылмаңдық үғымдағы баламалары туралы салыстырулары да қызықты болып келеді. «Естеріңізде болсын - мұсылмандар арасынан сіздер жұмыспыларды немесе кедейлерді табарсыздар. Шынында, олар сіздермен көп жағдайда келіскенімен шаригаттан ешқашан бас тартпайды, ейткені ол ең алдымен мұсылман және ислам ілімінің дұрыстығына сенеді. Бұдан шығатын қорытынды біреу: шындығында, Сіздердің үміттеріңізге негізделген идеяларыңыз ислам елдерінің әлдебірінде жылдам әрі жеңіл іске асуы мүмкін, тек бір ғана жағдайда, егер олар сіздердің мәзірлерінің бойынша емес, шаригаттың

ұстанымдарына негізделген мұсылмандардың дегені бойынша атқарыла
ғана» деген тұжырым жасайды.

Ендігі мәселе, өлкедегі саяси-әлеуметтік текетіресті болдырмау үшін не істей керек? Лапин бұл мәселелеге қатысты мынадай ұсыныс жасайды: «Қантөгіске жол бермеу үшін өлкеде таза мұсылмандық автономия құру қажет. Бұл автономия үкіметімен қатар өлкеде Ресей республикасының органы – Халық комиссарлар кеңесі болып, оған өлкедегі мұсылман емес тұрғындарды басқару жүктелсін. Мұсылмандық автономияның басқармасы Исламдық социализм принциптері негізінде құрылып, өлкедегі сауда мен өнеркәсіпті бақыласып, еңбекші бұқараны өсімқорлардан, мұлікті таптан қорғасып» дей келіп, «Бірақ бұл жағдай барлық Ресей республикасы социалистік болғандаған мұмкін» болатындығын аташ көрсетеді.

Сол сияқты ол болашақ «Мұсылман автономиясын басқару қатаң исламдық социализм негізінде құрылуы керек, яғни өлкеде капиталдың өсуіне жол бермеу, сауда мен өнеркәсішке бақылау орнату, жұмыспы талты өсімқорлық қанаудан қорғау үшін күштеу арқылы ауқатты топтардан «зекет» пен «ұшыр» алыш, ол табысты шаригат таларапарына сай жұмысшылар мен кедейлерлердің мұқтаждарына жарату» керектігін алға тартады. Демек, осыған байланысты С.Лапиннің шаригаттың экономикалық құндылықтарын нарықтық қатынастардағы «қосымша құю» теориясы мен кеңестік жоспарлы экономиканың негіздеріне балама ретінде ұсынғандығын көрміз. Сол сияқты Түркістан автономиясының федерациясының әлеуметтік-экономикалық құрылымында шаригаттың ұстанымдарына сай жұмысылардың тұрмысын жақсартуға және жұмыспы еңбегін реттеуге қатысты арнайы заң қабылдануы керек екендігін де алға тартты.

Осы құжатта С.Лапин Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының беделді саяси ұйымының атынан өлкедегі саяси билікті қайта құрудың модулін ұсынып, оны ұйымдастырудың негізгі қағидаларын 14 тармаққа жіктеп көрсетеді. Аташ айтқанда, Түркістандағы басқару формасын айқындау мақсатында Ташкент қаласында Құрылтай жиналышын шақыру ұсынылады (1 тармақ).

Осы Түркістан құрылтай жиналышы өлкедегі саяси басқару формасын айқындағанға дейін Сырдария, Ферганада, Самарқанд және Закаспий облыстары Ресей Федерациясының бір бөлігі ретінде қалып, бұл облыстарды қоныстанған мұсылмандардың ішкі өмірі шаригаттың әлеуметтік принциптері мен ережелерін басшылыққа алатып, Ресей республикасының Түркістан мұсылман федерациясы басқарсын (3 тармак). Осылайша С.Лапин өлкенің болашық саяси құрылымын біргұтас ұлттық бірлік емес, көпұлтты Түркістан мұсылман федерациясы түрінде қарастырады және ол федерацияның Уақытша халықтық үкіметі құрылып, ол мемлекеттік мемлікке, бюджетке иелік жасайтын болады (10, 11, 12 тармақтар).

Ол Түркістан мұсылман федерациясының Уақытша үкіметі Ресей республикасының федерацияларымен бірге көрші елдермен де сауда-

Х.М.Тұрсун, Қ.Базарбаев. Сералы Лапиннің көзқарастарындағы...

экономикалық келісімдер мен шарттар жасауға, сол сияқты бірінші дүниежүзілік соғыста соғысушы мемлекеттер арасында бітім жасауға байланысты өткізілетін халықаралық конференцияларға өз делегаттарын жіберуге құқылы екендігін де атау көрсетті (13, 14 тармақтар).

Осы мәлімдемеде ұсынылған қағидалардың кейбірі сол кезеңдегі қалыштасқан саяси ахуалда түркістандықтардың ұлттық мұддесіне сай келе бермегендігі айқын еді. Мысалы, осы мәлімдеменің 9-бабында «Патша өкіметінің жергілікті халықтан саяси әрекеттері үшін күшпен тәркілең алған жерлерден басқалары, орыс қалалары мен қоныстары орналасқан жерлер жөнө орыс шаруаларының жер үлестері орыс азаматтарының игілігі болыш табылып, Ресей республикасы үкіметінің қарауына етеді» деген қағиданы ымырашылдықты - қазіргі саяси терминологиямен айтсақ толеранттықты басшылықта алғандық деп қабылдауға болады. Лапиннің бұл әрекеті ұлттық мұддеден бір адым кейінге шегіну болғанымен, стратегиялық жағынан қоғамды жаңғыртуды әлемнегінде сілкіністерсіз іске асыру тұргысында бір адым алға жылжығандық болды.

Осы мәлімдемедегі тұжырымдардан түркістандық элитаның көшбасшыларының бірі ретіндегі С.Лапиннің саяси көрегендігі анық байқалады. Ол социалистердің идеялары мұсылман елдерінде шаригат қағидаларымен үйлесімділік тарапаса, онда биліктің террорлық жолға тұсуі ықтимал. Бұндай жағдайда ондаган миллион мұсылмандар патша өкіметі кезінде де болыш көрмеген қасиетті соғыс «ғазауат» жариялауы мүмкін дегенді айтқан еді. Түркістан мұхтариеттың күш таратылуы мен одан соңғы кезде кең өріс алған азамат соғысы, басмашылық қозғалыстардың шынайы себебін Лапин алдын-ала болжай алды. Сол сияқты, қайраткердің саяси көрегендігі ретінде Түркістан өлкесінің унитарлы мемлекет бола алмайтындығын анық сезініп, оның болашағын федерациялық құрылым ретінде көре алғандығы. Бұл идея түркістандық ұлттық элитаның Лапиннен кейінгі көрнекті өкілдері Т.Рысқұловтың саяси көзқарастарында «Түркі республикасын» құру түрінде, С.Қожановта Түркістанды Ортаазиялық федерацияға айналдыру түрінде көрініс тапқанымен түпкілікті шептімді кеңестік билік ұлттық-территориялық межелю арқылы іске асырды.

Түркістанда шексіз билікке ұмтылған орыс социалистеріне жолданған мәлімдемедегі улемашылардың ұстанған басты концепциясы отарланғанға дейінгі Түркістанның «исламдық басқару түрін» жаңа жағдайда қалпына келтіру болды. Мемлекеттік басқару ашпаратын ұйымдастыру қағидасынан орын алған бұл ерекшеліктің мәні - «Махкамам-и-шария» институтын енгізіп, оған жалпымемлекеттік заңдардың жасалуы мен орындалуын шаригат тұргысынан қадағалайтын өкілдегік беруден туындағы.

Түркістан ұлт-азаттық қозғалысында елдің саяси күшке айналған бұл саяи ағым – жеке дара құбылыс емес еді. XX ғ. бас кезінде Түркияда (Кімі Азияда деген дұрыс бола ма?) кең өріс алған жастүріктердің саяси ұстанымдарына «Мұсылмандар лигасын» колдаған, басқару органдары

шайхтар мен улемдардың қолында болған «Бауырлас мұсылмандар» («Альахаи» аль-мухамедди) партиясы ашық қарсы шықты. Олар мемлекеттік құрылымды қалыптастыруда «барлық заңдар мен қаулыларды жойып, шариат заңдарының қалыптауын көлтіруді мақсат етті» [18, л.19]. Ал жастүріктер қозғалысы идеологтарының бірі Ахмед Ризаның өзі «ислам әлеуметтік тұрғыда қарағанда прогрессе қолайлыш негіз болады», «исламда халифтың сайланбалығы қағидасы орнықсан» және «халиф халықтың алдында жауапты» деген тұжырымдары арқылы ислам құндыштықтарын қоғамды модернизациялау тетігі ретінде қарастыруға үмтүлады [19, 263.]. Негізінен жастүріктер «мұсылмандық құқықты европалық институттармен үйлестірудің мүмкіндігіне үлкен үміт артты және осы бағытты іске асыру әрекетін жалғастырумен болды» [20, 178]. Сол сияқты олардың бір бөлігі «прогрессе тез және елеулі жетістіктермен қол жеткізу үшін европалық институттарды және Батыс елдері қоғамдық өмірінің нормаларын осмаңдық негізге көшіру» жеткілікті деп есептеді. [21, 203]. Демек, Кіші Азия жерінде пайда болған бұл идея Түркістанда одан әрі өріс алып, сунниттік басқару түрінің негізгі қағидаларының бірі – кеңесушілік қағидасын (ап-шура) басшылыққа алуға ұласты. Демократиялық сипатымен ерекшеленген осы исламдық кеңесушілік қағидасы XX ғасырдың 50-80 жылдары бірқатар мұсылман елдерінің мемлекеттік құрылышында қолданыс тапты. Мысалы, Ливияда республикалық басқарудың ерекшеле түрі – жамахирия құруда осы қағида басшылыққа алынған. Жамахирияның өкіметтік билігінде сайланбалы халықтық конгресс пен комитеттер маңызды қызмет атқарған [22, 113-114].

ХХ ғасырдағы үлкен саяси-әлеуметтік сілкіністерге негіз болған ағымдардың арасында қоғамдық өмірде берік орныға алмағанымен қоғамдық-саяси ойдың жаңа белесі болып танылған Сералы Лапиннің «исламдық социализм» концепциясы оны Түркістан ұлттық элитасы ойшылдарының алдыңғы қатарына қояды.

ӘДЕБІЕТТЕР

1. Рұстемов С. «Шуро-и Улем» ұйымының құрылуды мен қызметі //Қазақ тарихы. 2004. №6 (47-52 б)
2. Улуг Туркестон. 1917. 25 сәуір.
3. Улуг Туркестон. 1917. 29 сәуір.
4. Улуг Туркестон. 1917. 23 шілде.
5. РГАСПИ. Ф.71, опись 34, д.1745
6. РГАСПИ. Ф.71, опись 34, д. 1600
7. Бірлік туы. 1917. 20 қазан.
8. Улуг Туркестон. 1917. 4 тамыз.
9. Туркестанский курьер. 1917. 11 ноября.
10. Шоқай М. Таңдамалы. 2 т. – Алматы, «Қайнар», 1999. –520 б.
11. ӨРООМ. 39-к., 1-т., 11-іс
12. Улуг Туркестон. 1917. 16 желтоқсан.
13. РГАСПИ. Ф.71, опись. 34, д. 1632
14. Победа Октябрьской революции в Узбекистане. Сборник документов. Т.2. –Ташкент, 1963.
15. Бірлік туы. 1918. 18 қаңтар.

X.M.Тұрсун, Қ.Базарбаев. Сералы Лапиннің көзқарастарындағы...

16. Улуг Туркестон. 1918. 19 қантар.
17. Котюкова Т. «Жалобу оставить без последствий» или как Серали Лапин не стал депутатом Государственной думы от Туркестанского края // Қазақстан мұрағаттары №1(5) 2008. 21-28 66.
18. Архив внешней политики Российской империи (АВПРИ). ф. Политархив, Оп. 482, д.862. л.19.
19. Петросян Ю.А.. Младотурецкое движение. М., 1971. С. 263.
20. Дулина Н.А. Реформы танзимата и шариат // Ислам в истории народов Востока. М., 1981. Cohen A. Op. cit. С. 178.
21. Фадеева И.Л. Официальные доктрины в идеологии и политике Османской империи (Османизм-панисламизм) XIX-начало XX в. М., 1980. С. 203.
22. Сюкійян А.Р. Мусульманское право. Вопросы теории и практики. -М.: Наука, 1986. - 254 с.

REZUME

**H.TURSUN, K.BAZARBAYEV (Turkistan)
MODULE OF “ISLAMIC SOCIALISM” IN POLITICAL VIEWS OF SERALI
LAPIN**

The article is about political views of Serali Lapin, well-known representative of national elite of Turkestan region in the beginning of 20th century in fighting against colonization. Causes of alternative offers of his “Islamic Socialism” concept in modernization of Turkistan society of Bolshevik rule are disclosed.